

Ақмола қаласында 240 орындық аурухана кешенін салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 маусым N 771

Ақмола қаласында қазіргі заманғы емдеу-диагностика базасының жоқ екенін ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Ақмола қаласында 240 орындық аурухана кешенін салу қажеттігі туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аурухана кешенін салу жобасын 1997 жылы Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шетелдік кредиттер есебінен және халықаралық қаржы ұйымдарының займдары есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар тізбесіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Қаржы министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен, бірлесіп, шетелдік компаниялар мен фирмаларды қатыстыра отырып Ақмола қаласында 240 орындық аурухана кешенінің құрылысын инвестициялау, жобалау және салу құқығына тендерлік саудаластық өткізу тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы

министрлігі мен мемлекеттік Экспорт-импорт банкі өткізілген саудаластықты ескере отырып, кредит алу, оны өтеу шарттарын қарап тиісті қорытындылар беретін болсын.

5. Ақмола қаласының әкімі тендер аяқталған соң 240 орындық аурухана кешенін салуға белгіленген тәртіппен жер учаскесін бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

